

SONATA







Сізді жақсы көретін технологиялар.

Бұл шынымен де солай. Су жаңа Sonata расымен де сіздің қамыңызды ойлайтын алдыңғы қатарлы технологияларының арқасында ақыл мен жүректі жаулап алады.

Оның алдыңғы қатарлы көмек жүйелері байқаусыз жұмыс істеп, жүргізушіні жолдағы толқулар мен күйзелістерден арылтады және автомобильді неғұрлым интеллектуалды, тиімді және қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік береді. Sonata шанақ дизайнынан бастап динамикалық сипаттамаларына дейін автомобильді әзірлеуде шабыт берген сезімтал спорттылықты көрсетеді. Қазіргі жүргізушілер дербестендірілген интеллектуалды тәжірибе алуға тырысады және Sonata қосылу мен жайлылықтың премиум технологияларын ұсына отырып, барлығына дайын болады. Қандай өмір салтын ұстанатыныңызға қарамастан, Sonata бостандық пен көлік жүргізуден ләззат алудың жаңа әлеміне жол ашып, сіздің мінсіз серігіңізге айналады.

Шабыттандыратын технология.

Sonata жоғары стилі — бұл жай ғана эмоция толқыны емес. Жасырын градиентті жарық технологиясы сияқты инновациялық ерекшеліктерінің арқасында автомобиль теңдессіз ләззатқа кенелтеді. Бұл шешім жаңа Sonata бейнесін одан әрі жұмбақ және тартымды етеді. Sonata-ның жоғары технологиялы дизайны артқы құрамдастырылған жарық диодты шамдар мен толығымен жарық диодты алдыңғы фараларды айқындап көрсетеді. Неғұрлым әсерлі бейне қалыптастыру үшін Hyundai 18 дюймдік құймалы доңғалақ дискілері мен премиумдық Pirelli шиналарын қосымша опция ретінде ұсынады.



Радиатор торы / жарық диодты күндізгі жүріс шамдары (DRL) / жарық диодты фаралар



18 дюймдік құймалы доңғалақ дискілері (опция) Артқы құрамдастырылған жарық диодты шамдар







Мінсіздікке бір қадам жақын болу

Жаңа Sonata-ға қарай қадам басып, енді бұрынғыдан да жақынырақ болатын мінсіз көлік жүргізу мүмкіндігін ашыңыз. Бұл сізді мінсіздікке бір қадам жақындатады, бұл ретте біз мүлтіксіз мінсіздікке қол жеткізудің мүмкін еместігін түсінеміз. Қысылтаяң жағдайда Sonata-ның алдыңғы қатарлы жүргізушіге көмек көрсету жүйелері проблеманы сізден бұрын анықтап, тіпті көлік жүргізуді неғұрлым қауіпсіз әрі тиімді ету үшін түзету шараларын қабылдай алады. Sonata-ның әр бөлшегі шынымен де қайта әзірленген, бірақ сонымен бірге абсолютті сенімділік пен ширақтықты сезіну үшін барлық негізгі түйісу нүктелері сондай таныс әрі интуитивті түрде түсінікті болып көрінеді. Жаңа Sonata: мінсіз көлік жүргізуге бұрынғыдан да жақындата түседі.



Жолды басқар.

Sonata пәрмен бойынша өз қуатын көрсетеді және сіз кез келген жағдайды бақылауда ұстайтыныңызды сезінесіз. Сіз тас жолмен жүріп бара жатсаңыз да, қала ішіндегі тығыз көлік легінде болсаңыз да, Sonata-ның қозғалғыштығы мен ептілігі көлік жүргізуден нағыз рахат алатындай тыныштандырып, ой мен денеңізді босаңсытады. Рульдік басқару жүйесі бірқалыпты қозғалысты қамтамасыз ете отырып, жеңілдігімен және дәлдігімен ерекшеленеді. Проекциялық дисплей және соқыр аймақтарды қадағалау жүйесі бар SuperVision аспаптар панелі сияқты премиумдық жабдық жүргізушінің хабардарлығы мен қауіпсіздігін одан әрі жоғарылатады.



Соқыр аймақтарды қадағалау жүйесі



Проекциялық дисплей







Сені құшағына бөлейтін дыбыс.

Жаңа Sonata-да орнатылған Bose премиумдық аудиожүйесі керемет шынайы және айқын дыбыс арқылы әсерлі сезім сыйлайды. Жүйе автомобиль ерекшеліктеріне сәйкес бапталған он екі динамикпен, ауқымды дыбыстаудың орталық модулімен және жылдамдықты динамикалық өтеу функциясымен жасақталады, осының арқасында сіз өзіңізді дыбыс жазу студиясында отырғандай сезінесіз. Өзара әсер екі бағытта жүзеге асады, өйткені Sonata да жүргізушіні тыңдайды. Сөйлеген сөзді ажыратудың опционалдық жүйесін орнатқан жағдайда, ол дыбыстық командаларды түсіне алады. Енді Bluetooth модулі стандартты опция болып табылады.



Жоғары сапалы Bose аудиожүйесі

Менің жайлылық аумағым.

Sonata сіздің бір бөлігіңіз, денеңіздің жалғасы бола алады. Сіз креслода жайғасып отырғанда, толық сенімділік пен бақылауды сезіну үшін датчиктер, басқару түймелері және педальдар сіздің көздеріңізбен, қолдарыңызбен және аяқтарыңызбен мінсіз түрде үйлеседі.

Қосымша опция ретінде қолжетімді, қарапайым әрі интуитивті түрде түсінікті интерфейсі бар 10,25 дюймдік HD дисплей (1920 x 720), қажет болған жағдайда, ақпараттың әр түрлі үш блогын көрсету үшін кеңістікті бөлуге мүмкіндік береді.



Навигация жүйесінің 10,25 дюймдік дисплейі







Межелі орынға жайлылықпен жетіңіз.

Sonata өз жолаушыларының қамын ойлайды: омыртқа жотасының табиғи S тәрізді пішінін қайталай отырып, тамаша тірек қызметін атқаратын орындықтардың арқасында сіз шынымен де жақсы ойластырылған дизайнның артықшылықтарын сезінесіз. Жайлы орындық алдыңғы жолаушының бойын еркін ұстауына мүмкіндік береді. Орындықтың түсірілетін арқалығы омыртқа жотасының пішінін дәл қайталап, салмақсыздық сезімін тудырады. Қосымша опция ретінде қолжетімді GLS функциясы бір түймені басу арқылы орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеуге мүмкіндік береді.



Босаңсыту функциясы бар премиумдық орындық (жолаушыға арналған)

Барынша өзара әрекеттесу.

Автомобильге отырып, сізді қуантатын керемет тартымды интерьерге шомыңыз. Салон кербездіктің визуалды бейнесі болып табылады, жайлы атмосфера мен қанық тактильді сезім тудырады. SuperVision аспаптар панелінің циферблаттары керемет нақтылықпен және әсерлі тереңдікпен жанданады: цифрлар мен тәуекелдер нақты анықталған, ал датчиктер кербезділігі мен қарапайымдылығының арқасында қосымша ұпай жинайды. Клиенттер күткендей, автомобиль смартфонды пайдалану процесін көрсететін және Sonata-ның цифрлық технологиялар дәуірінен қалыспайтындығын растайтын сенсорлы дисплеймен жабдықталған.



Басқару панелінің 12,3 дюймдік LCD дисплейі / алдын ала белгіленген қозғалыс режимдері (Comfort / Smart / Eco / Sport)

SuperVision басқару панелі, қадамдық нұсқаулар мен нақты, көлемді және қанық графикамен ерекшеленетін ауқымды ақпарат жиымын ұсына отырып, оңай интеграцияланады. Трансмиссия параметрлерінің автоматты түрде өзгеруі арқасында жүргізуші жеке қалауларына қарай баптаулардың төрт түрінің арасынан таңдау жасай алады. Әр режимде деректер ерекше түспен көрсетіледі.



Bluetooth мультиқосылысы

Sonata Bluetooth қосылысы технологияларын пайдалануда алға қадам жасайды: бір уақытта екі құрылғымен байланыс орнатылады. Енді жүргізуші Hands Free қатты дыбыстық байланыс функциясын және сөйлеген сөзді ажыратудың опционалдық жүйесін пайдалана алады, бұл кезде Sonata-ға қосылған екінші құрылғы mp3-файлдардың ағымдық берілісін немесе көрсетілімін орындайды.



Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі

Кабеліңізді жоғалтып алдыңыз ба, не өзіңізбен бірге алмадыңыз ба? Сымсыз зарядтау жүйесі смартфонның ешқашан өшіп қалмайтынына кепілдік береді. Автомобиль сізге тіпті салоннан шығып бара жатып, телефонды қалдырып кеткеніңіз жайлы да хабарлайды.



Walk-In құрылғысы

Walk-in түймесі алдыңғы орындықты салонның артқы жағынан басқару мүмкіндіктерін кеңейтеді, мысалы, жоғары лауазымды жолаушыға аяқ қоятын қосымша кеңістік қажет болғанда. Бұл – жайлылық пен ыңғайлылыққа ерекше назар аударатын жаңа Sonata интерьеріндегі көптеген детальдардың бірі.

Дәлдікпен үйлескен қуат.

Sonata үшін 6 сатылы автоматтық беріліс қорабымен агрегатталатын екі жаңа жетілдірілген қозғалтқыш ұсынылады. Енді берілістерді ауыстыру процесін жаңа жетілдірілген пернелі механизм басқарады. Осының арқасында процесс анағұрлым қауіпсіз, нақты және сенімді болады.

Механизмнің кішірейтілген өлшемдерінің арқасында орталық консольдегі бағалы кеңістік босайды. Опционалдық электрондық тұрақ тежегіші ыңғайлы түйменің көмегімен іске қосылады. Жүйе Autohold функциясымен жабдықталған. Бұл функция тежеу қысымын сақтай отырып, жүргізушіге аяқ бұлшықеттерін босаңсыту үшін аялдамалар кезінде аяқты педальдан алу мүмкіндігін береді.

2,0 MPi бензинді қозғалтқышы

152 Ең жоғары қуаттылығы а.к.
./ минутына 6200 айн

19.6 Ең жоғары айналу сәті кг•м /
.минутына 4 000 айн

2,5 MPi бензинді қозғалтқышы

180 Ең жоғары қуаттылығы а.к.
./ минутына 6000 айн

23.7 Ең жоғары айналу сәті кг•м /
.минутына 4 000 айн



Пернелермен ауыстыру








Барлық сақтық шараларын қолданыңыз.

Sonata жоғары сипаттамалы болат қорытпаларын көп мөлшерде пайдалану есебінен неғұрлым жеңіл, сонымен қатар, берік шанаққа қарай үлкен қадам жасайды. Жаңа шанақ бұрын-соңды болмағандай қатты болып шықты. Сонымен қатар, алдыңғы буындардағы үлгілерімен салыстырғанда 24 кг-ға жеңілдеу болып, төмен шуыл деңгейімен ерекшеленеді. Бұл Sonata-ның әлемдегі ең маңызды краш-тест талаптарына сәйкес келетіндігіне және көп жағдайларда тіпті олардан асып түсетіндігіне кепілдік береді. Ашылу қуаты азайтылған жүргізуші мен алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшіктері стандартты жабдық тізбесіне кіреді, ал кеудеге/тізеге арналған көпшіктер, қауіпсіздік перделері сияқты, қосымша опция болып табылады.



Бірнеше қаңқасы бар мотор бөлігінің құрылымы.

Арқалықтар және алдыңғы тіреулер сияқты қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған негізгі элементтер барынша мүмкін болатын қаттылық пен соқтығысу кезіндегі деформацияға төзімділік үшін ыстықтай илемделген болат әдісімен жасалған. Жаңартылған конструкция сондай-ақ жүргізуші мен жолаушыларды алғашқы соқтығысудан кейін жиі орын алатын қайталама соқтығысулар нәтижесіндегі жарақаттанудан қорғайды.

9 қауіпсіздік көпшігі

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы ашылу қуаты азайтылған қауіпсіздік көпшіктерімен қорғалған, олар іске қосылған кезде жарақат алу қаупін азайтады. Қосымша опция ретінде басты бүйірлік соққылардан қорғайтын қауіпсіздік перделерін және жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғайтын кеудеге/жамбасқа арналған қауіпсіздік көпшіктерін орнату ұсынылады.

Ол сізден бұрын біледі.

Hyundai SmartSense әрқашан, тіпті жолдағы жазатайым оқиға сіздің жаныңызда болып жатса да, жамандыққа дайын. SmartSense Hyundai ұсынатын алдыңғы қатарлы жүргізушіге көмек көрсету жүйелерін біріктіреді. ADAS қауіпті болуы мүмкін жағдайларды анықтау үшін жолдағы жағдай мен автомобильдің жанындағы кеңістікті үнемі қадағалап отыратын Lane Keeping Assist қозғалыс жолағында қалу көмекшісі сияқты жүйелердің көмегімен сізді қорғайды. Сіз соқыр аймақта келе жатқан көлік құралын байқамай қалуыңыз мүмкін, бірақ жаңа Sonata-дағы «соқыр аймақта» соқтығысулардың алдын алатын Blind Spot Collision Avoidance Assist озық жүйесі сізді сақтандырып, соқтығысуды болдырмауға көмектеседі. Sonata моделінің ADAS жүйелер кешенінің технологиялары сізді және сіздің отбасыңызды қорғайды.



Lane Keeping Assist (LFA)

Бұл жүйе жолды белгілеу сызықтарын анықтау және жүргізушіні бұрылыс көрсеткішін алдын ала қоспай жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кету жағдайлары туралы хабардар ету үшін алдыңғы камераны пайдаланады. Қажет болған жағдайда, қозғалыс жолағынан абайсызда шығып кетпеу үшін руль автоматты түрде түзетіледі.



Blind Spot Collision Avoidance Assist (BCA)

Соқыр аймақта көлік құралдарын анықтағанда (артқы бампердегі радар датчиктерінің көмегімен), жүйе жүргізушіні сақтандырады және, басқа қозғалыс жолағына ауысу маневрін орындау кезінде соқтығысу қаупі бар болса, электрондық тұрақтандыру жүйесін (ESC) және тежегіштерді іске қосады. Сағатына 40 км жылдамдықта және жолды белгілеу сызықтарын анық ажыратуға болатын жолдарда белсенді болады.



Surround View Monitor (SVM)

SVM жүйесі құс ұшар биіктіктен автомобильдің және оны қоршаған кеңістіктің панорамалық суретін алу үшін навигация жүйесінің (AVN) негізгі модулін пайдаланады. Қосымша опция ретінде орнатылатын бұл жүйе шектеулі кеңістік жағдайында тұраққа қою маневрлерін орындаған кезде өте ыңғайлы болады.





Ерекшеліктері.



Проекциялық фаралар / Күндізгі жүріс шамдары (шамдар)



Жарық диодты фаралар (проекциялық үлгідегі)



Артқы құрамдастырылған жарық диодты шамдар



Күміс түстес радиатор торы



Қара/хром нұсқасындағы радиатор торы



Артқы жарық диодты стоп-сигналдар (жоғары орналасқан)



Есіктердің сыртқы тұтқалары



16 дюймдік
құймалы доңғалақ
дискілері

17 дюймдік
құймалы доңғалақ
дискілері

18 дюймдік
құймалы доңғалақ
дискілері



Басқару панелінің түрлі-түсті 3,5 дюймдік TFT LCD дисплейі



Қолмен басқарылатын ауа баптау жүйесі



Толығымен автоматтандырылған ауа баптау жүйесі



Екінші қатардағы орындықтардың жиылмалы арқалықтары (6:4 пропорциясында)



Стандартты аудиожүйе



8 дюймдік сенсорлы LCD дисплейі



10,25 дюймдік сенсорлы LCD дисплейі



Жүргізуші орындығының 10 параметрін электрлік реттеу


Интерьер нұсқалары



Қара



Екі түсті Camel



Мата



Мата+Былғары




Былғары



Былғары

Шанақ түсі



WC9
Ақшыл сары



R2T
Күміс түстес жылтылдақ



Y2S
Күміс түстес




NT2
Сұр Hampton



T2G
Сұр Nocturne



XB2
Көк Oxford



NB9
Қара Midnight



Y2E_3-coat
Қызыл Flame



W2B
Сары Glowing

Сипаттамалары

Түрі		2.0 MPI Gasoline Engine	2.5 MPI Gasoline Engine
Қозғалтқыш түрі		Қос CVVT бар DOHC	Қос CVVT бар DOHC
Көлемі (см3)		1,999	2,497
Ең жоғары қуаттылығы (минутына айн. болғанда а.к.)		152 / 6,200	180 / 6,000
Ең жоғары айналу сәті (кг•м / минутына айн.)		19.6 / 4,000	23.7 / 4,000
Тежегіштер			
Алдыңғы		Желдетілетін дискілер, 1 нүктелі суппорттар	
Артқы		Тұтас дискілер, 1 нүктелі суппорттар	
Аспа			
Алдыңғы		Тәуелсіз, серіппелі, Макферсон типті, көлденең орнықтылық тұрақтандырғышы бар	
Артқы		Көп иінтіректі (Multilink)	
Шиналар			
205/65R16, 215/55R17, 235/45R18			
Габариттік өлшемдері			
Орындықтан төбеге дейінгі биіктігі (мм)	Алдынан (люгы бар нұсқасы) /	1,015 (975) / 960 (950)	
Артынан (люгы бар нұсқасы)			
Аяққа арналған кеңістік (мм)	Алдынан / Артынан	1,170 / 885	
Салонның иық деңгейіндегі ені (мм)	Алдынан / Артынан	1,470 / 1,425	

- Жоғарыда келтірілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтың бір бөлігі стандартты жарақтандыру тізбесіне кірмеуі мүмкін және тиісінше қосымша ақыға қосымша опциялар ретінде жеткізіледі.
- Hyundai Motor Company техникалық сипаттамалар мен жинақтаманы алдын ала хабарлаусыз өзгерту құқығын өзіне сақтап қалады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезіндегі беру мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден аздап өзгешеленуі мүмкін.
- Қолда бар түстер мен қаптама материалдары жайлы толық ақпарат алу үшін өз дилеріңізбен кеңесуіңізді сұраймыз.



Габариттік ені 1,860
Жолтабан ені* 1,618



Доңғалақ базасы 2,840
Габариттік ұзындығы 4,900

Габариттік биіктігі

1,445



Жолтабан ені* 1,625

Өлшем бірлігі: мм * Жолтабан ені • 16 дюймдік болат доңғалақ дискілері (алдыңғы / артқы): 1633 / 1640 • 16 дюймдік құймалы доңғалақ дискілері (алдыңғы / артқы): 1633 / 1640 • 17 дюймдік құймалы доңғалақ дискілері (алдыңғы / артқы): 1623 / 1630





Дилер туралы ақпарат


HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN

**Брендтің Қазақстандағы
ресми дистрибьюторы**

www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай
тегін call-center: 8 8000 70 70 70
Ұялы телефоннан қоңырау
шалу үшін: 7007

Мобильді қолданба жүктеу үшін қолжетімді:



Бұл брошюра баспаға тапсырылған уақытта дұрыс болды. Алайда Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы басылымда сипатталған модельдер жинақтамасының сипаттамаларын, түстерін және элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне сақтап қалады. Модельдердің түстері мен жинақтамаларының үйлесімі нақты бар болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.